



Baspasóz konfrentsuasy

ӘРТАРАПТАНДЫРУ ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫНА ӨЗГЕШЕ ДЕМ БЕРУДЕ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Астанадағы Қазақстанның орталық коммуникациялар қызметінде республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арнап баспасөз конференциясын өткізді. Онда Елбасы Жолдауының іске асуы, өткен 9 айдың қорытындылары бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тыныс-тіршілігі баяндалды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Аймақ басшысы өңірдің маңызды деген даму аспектілеріне тоқталып, алдымен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы қысқаша баяндады.

Өздеріңізге мәлім, біз үшін соңғы бес-алты жылдың көлемінде мұнай өндіру көлемінде төмендеуі (10-12%) үлкен проблемаға айналып отыр. Республикада мұнай өндіру көлемінің төмендеуінің 70 проценттен астамы Қы-

Осындай жағдайларға қарамастан, 2017 жылдың қорытындысы бойынша облыс соңғы төрт жыл ішінде бірінші рет ішкі жалпы аймақтық өнім бойынша оңды көрсеткішке қол жеткізді. Осы жеңілі жыл сайын мұнай мен оған қоса уран өндіру көлемінің төмендеуіне қарамастан биыл да ұстап қалатын мүмкіндік бар. Соңғы үш жыл ішінде өндірісті өнеркәсіпке салынған негізгі капиталға инвестицияның көлемі



зылорда облысының үлесіне тиді. Осы уақытта 4,5 млн тонна мұнай өндіру көлемін жоғалттық. Ал бұл дегеніміз инвестиция, жұмыс орындары және осыған сәйкес бизнес болып табылады. Болжамдар бойынша үстеміздегі жылдың өзінде біз 600 мың тоннадан астам мұнайды кем өндіретін боламыз, – деді өңір басшысы.

екі есеге, еңбекпен қамтылғандардың саны 55 процентке, еңбек өнімділігі 18 процентке, ал өнімнің қосылған құн үлесі 34 процентке ұлғайды.

Дегенмен, экономиканы шикізат емес секторды дамыту арқылы әртараптандыру негізгі міндет болып саналады. Алдағы желтоқсан айында елімізде алғашқы там-

понажды цемент зауыты мерзімінен бұрын пайдалануға беріледі. Ол Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының шеңберінде жүзеге асырылып отыр. Биыл шын зауытын пайдалануға беру де жоспарланған еді. Алайда құрылтайшылар арасындағы туындаған мәселеге байланысты оны іске қосу 2019 жылдың

жаз айына жоспарланып отыр. Осы жобаның екінші кезеңі бойынша қытайлық компания күн панельдері және гаджеттерге арналған барынша нәзік шыны өндірісін жүзеге асыруды жоспарлады.

Жуырда ғана «Шалкия» қорғасын-мырыш кен орнында тау-кен байыту комбинатының құрылысы басталды. 2019 жылдың өзінде калийлендірілген сода өндірісіне арналған тұзды өңдеу зауытының құрылысы басталатын болады. Бұл зауыт құрылыстарын биыл бастау жоспарланған еді. Бірақ жобалық құжаттардың өсуіне байланысты жобаларды қайта қарау үшін құрылыс бастау мерзімі кейінге қалдырылды.

Келесі кезекте облыс әкімі аймақтағы ауыл шаруашылығы кооперациясының даму бағыты туралы айтты. Облыс әкімінің атап өткеніндей, аймақта соңғы екі жылдың ішінде 2688 жеке қосалқы шаруашылықты біріктірген 89 мал бағытындағы кооператив, барлығы 106 кооператив құрылған. Осылайша құс етін өндіру саласы дамып келеді. Қармақшы ауданында жылына 1500 тонна ет өндіретін құс фабрикасы іске қосылатын болады. Күрші аймақ агроөндірісінің негізгі саласы болып қала береді. Өткен жылдың су тапшылығына және көктемнің кеш түсуіне қара-

мастан, облыста рекордты өнім – 473 мың тонна күрші жиналды. Облыс өткен жылғы рекордты жаңарта алмады. Бірақ соның деңгейіне жетті. Бұл судың жетімсіздігінен 600 гектар егістік көлемі қысқарғанына қарамастан мүмкін болды. Қазір облыста «Күміскеткен» және «Қараөзек» су қоймаларын салу мәселесі ойластырылған. Олар су тасқыны кезінде 2 млрд текше метр суды жинақтайтын болады.

Облыс әкімі осыған қарамастан күрші өнімімен қазірдің өзінде аймақ шаруашылықтары Монғолия, Түркия, Ауғанстан нарықтарына шыға бастағанын атап көрсетті. Иран өндірісінің күрші сорттарын игеру қолға алынды. Бұл ел жыл сайын 5 млн тонна күрші тұтынып, оның жартысын импортқа шығарады. Қызылордалық шаруалар бұл нарықта өзінің лайықты орын алуы үшін табанды еңбек етуде.

Аймақ басшысының сөзінше, 2016 жылдан бастап көптеген жылдардан бері тұңғыш рет бақша өнімдерін экспортқа шығару қолға алынды. 2017 жылы көкөніс пен мал (Біріккен Араб Әмірлігі, Иран, Монғолия, Өзбекстан), үстеміздегі жылы Қытайға тұңғыш рет мақсары майы экспортталды.

2-бет

Forým



КӘСІПТІК БІЛІМ: ӨЗГЕРІСКЕ ҮНДЕСТІК ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Өткен сенбіде М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінде “Кәсіптік білім және бизнес: әріптестер сұхбаты” атты VII облыстық форум өтті. Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары Әзімхан Дархан, “Кәсіпкер холдинг” КЕАҚ-ның басқарма төрағасының міндетін атқарушы Асима Бимендина, министрліктің “Қаржы орталығы” АҚ департамент директорының орынбасары Алпамыс Сатыбалдин, “Кнауф Гипс Қапчагай” ЖШС өңтүстік аймақ менеджері Олег Абдуллаев және техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарының директорлары мен жұмыс беруші кәсіпкерлер қатысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Форум оқу орындарының кәсіби білім беру бағытындағы ерекшелігін айқындайтын бағдарлы байқау мен білім алушылардың “Жас өнертапқыш – 2018” техникалық шығармашылық байқау көрмесінен және М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінің оқу-өндірістік шеберханаларының жұмыстарымен танысудан бастау алды.

Жыны барысында қатысушылар өңірге қажетті мамандарды даярлау бойынша ұсыныстарымен бөлісіп, тәжірибе алмасты. Еңбек нарығына жоғары білікті мамандар даярлауда ақпараттық технологияларды қолдану мен дамыту, техникалық кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын, тиімділігін арттыру мәселелерін талқылады.

Қазіргі таңда әлеуметтік-экономикалық дамудың сапалық сипаттамасы алдыңғы қатарға көтерілген. Жалпы ішкі өнім жоғары технологиялық өндірістердің – білім, денсаулық сақтау, ғылым және басқа да интеллектуалдық қызметтер есебінен артып отыр.

– Сарапшылардың бағалауы бойынша Батыс Еуропа мемлекеттерінде жалпы ішкі өнімді қалыптастыруда адами капиталдың үлесі – 30%, АҚШ-

та – 40%, ал ТМД елдерінде бар болғаны 10-15%-ті құрайды. Сондықтан, экономикалық өсім мен барлық игіліктердің негізгі драйвері – адам, оның білімі мен дағдысы болуы қажет. Адам білімі мен шеберлігі, тәжірибесі арқылы жетекші атындағы Қызылорда поли-техникалық колледжінің оқу-өндірістік шеберханаларының жұмыстарымен танысудан бастау алды.

Сондай-ақ, аймақ басшысы адами капитал, ең алдымен, білім беру саласы арқылы қалыптасатын болғандықтан, бұл сала шығынға негізделген салалар сияқты болмай, керісінше, жаңа экономикалық жағдайда экономикалық өсімнің негізін қалайтын инвестициялық сала ретінде қарастырылуы қажеттігін баса айтты.

– Бүгінгі таңда технологияның жылдам дамуы сонша, ол адам өмірін тез өзгертуде. Ал, біздегі ЖОО мен колледждер осыған сай жаңа мамандықтар бойынша түлектер дайындап үлгері алмай жатыр. Бүгін қажет деп танылған мамандық бес жылдан соң жойылып кетуі мүмкін. Жаңа мамандық иелерінің өзі сұранысқа ие бола алмайды.

3-бет

Jaña nysan

«MAGNUM» ТӘУЛІК БОЙЫ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Сенбі күні Қызылорда қаласында жаңадан салынған «Aray City Mall» ойын-сауық орталығында «Magnum Cash & Carry» бөлшек-сауда желісінің филиалы ашылды. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев сауда орталығында болып, қала тұрғындары мен қонақтарын құттықтады.

Сара АДАЙБАЕВА.

– Мемлекет басшысы біздің алдымызға орта және шағын бизнесті жан-жақты қолдауды басты міндеттердің бірі ретінде қойып отыр. Сол себепті, биылдан бастап үш жыл, яғни 2018-2021 жылдар аймағымызда «Кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жарияланды. Осы ретте халыққа барынша қолайлы жағдай жасалған заманауи ірі кәсіпкерлік нысанның ашылуы – уақыт талабына сай іске асуы

тііс жоба, – деді облыс әкімі. «Magnum» «Aray City Mall» жобасының бірінші кезеңі. Ал «Aray City Mall» ойын-сауық орталығы алдағы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында толық іске қосылады. Орталық 30 мың шаршы метрді құрайды.

Қазірдің өзінде сауда орнында 322 адам жұмыс істейді. 18 мың түрлі тауар бар. «Magnum» сауда желісінің ең үлкені Алматы қаласында,

көлемі 11 мың шаршы метр болса, одан кейінгісі (8 мың шаршы метр) Қызылордалағы филиалы. Тұтынушыларға 27 қасса қызмет көрсетеді. Оның төртеуі экспресс және 1-і мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған. Айта кетерлігі, мұнда жеке наубайханадан 50 түрлі өнім шығарылады. Сегіз жыл қатарынан сауда көшбасшысына айналған «Magnum»-ның Астана, Алматы, Петропавл, Қарағанды, Шымкент, Талдықорған қалаларында филиалы бар.

Қала тұрғыны Айман Мұсаева сауда орнына отбасымен келіпті. Ол мұнда тауарға үлкен таңдау барын айтады. Бағалары да қоңілге қонымды. Басты ерекшелігі – 24 сағат бойы жұмыс жасайды. Соны-

мен қатар түрлі жеңілдіктер қарастырылған.

«Жібек жолы» даңғылы бойындағы орналасқан «Aray City Mall» сауда ойын-сауық орталығында «Magnum» сауда желісімен қатар түрлі брендтер мен балаларға арналған «Фан-

китаун», түрлі атракциондар, симуляторлар және ойын-аппараттарымен жабдықталған балалар алаңы, «Кинолек» желісінің 7 жылдық кинотеатры, фудкорт, мейрамханалар қызмет ұсынатын болады.



БАСПАСӨЗ – 2019

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2019 жылдың бірінші жартыжылдығына “Сыр медиа” ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны жүргізілуде.

Облыстық “Сыр бойы” газетінің жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге,
12 айға – 6000 теңге.
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ-65460.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге,
12 айға – 8000 теңге.
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 15460.

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.

Баспасөзге жазылу бойынша 40-05-81 телефонына хабарласуға және ондағы мамандардың жазылу жүргізу қызметін үйден пайдалануға болады.



ӘРТАРАПТАНДЫРУ ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫНА

Облыста соңғы жылдары жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 28 процентке артты. Агробирижаларда электронды сауда алаңдарының жобасы жүзеге асырыла бастады. Аграршыларға бұл сыртқа өнім өткізу үшін үлкен көмек. Сонымен бірге облыста «Байқоңыр» СПК арқылы агроөндірістің инновациялық бағыттағы қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту көзделуде. Күрші және балық кластерін дамыту үшін Жалағаш электростанциясы, «Байқоңыр» агрохолдингі, 8 балық өңдеу зауыты бар. Сондай-ақ, мал шаруашылығы, қайта өңдеу және логистика кластерлерін қабат дамыту көзделіп отыр.

Облыс сыртқа сапалы, бәсеке-естікке қабілетті дайын өнімдерді шығаруды міндеттеуде. Мемлекет басшысының атап өткеніндей, бұл орайда ақылды технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Алғашқы кезекте аймақта мал өсімін бақылау үшін «электрондық ветеринария» жобасы жүзеге асырылып, автоматтандырылған жылжымайтын құрылыстары жүргізілетін болады.

Аймақтың сыртқа шығаратын өнімдері күрші, тұз және балық болып қала береді. Аталған салалардың экспортқа бағытталғаны экономиканың қозғаушы күші болып саналады. Егер 2013 жылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері саалаға 1 млн АҚШ долларынан астам қаржы салса, 2017 жылдың қорытындысы бойынша ол 15 млн долларға жетті. Үстемдегі жылдың 9 айының қорытындысы бойынша өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда оның өсімі 30 процентті құрады. Бұл ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржылық мүмкіндігі артқанын көрсетеді.

Қырымбек Елеулы бұл орайда соңғы бірнеше жыл ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің аймақтық жалпы өнімдегі үлесі 2,5 проценттен 3,7 процентке артқанын атап көрсетті. Ауыл шаруашылығы экономикалық мәселе ғана емес, ол осы саламен айналысатын адамдардың саны өскенін айтақтап отыр.

Балық бұрынғысынша облыс экономикасының маңызды саласы. 2013 жылдың өзінде 4 балық өңдеу зауыты іске қосылып, экспорт осы кезеңде 9 есеге өсті.

Экономикадағы онды ахуал соңғы екі жыл ішінде жұмыссыздық деңгейін 4,8 процент деңгейінде ұстап тұруға мүмкіндік беріп отыр. Бұл республиканың орташа көрсеткішінен біршама төмен. Соңғы жылдары экономикалық қиындықтарға қарама-

сінде 3 млрд теңгеден астамы стартап жобаларға бағытталған.

Жүйелі шараларды қабылдау нәтижесінде облыста жұмыс істейтін кәсіпкерлік нысандарының саны соңғы жылы 11 процентке артты. Бұл – еліміз бойынша жоғары көрсеткіштердің бірі.

Облыстың дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын жақсарту үшін жаңа мүмкіндіктің Президенттің бес әлеуметтік бастамасы арқылы қамтамасыз етілмек. Ең алдымен, бұл тұрғын үй алуға жаңа мүмкіндік береді.

Соңғы екі жылда мемлекеттік қаражат және жеке мердігерлердің есебінен 500 мың шаршы метр тұрғын үй салынған.

Айта кетейік, 2013 жылдан бастап қолға алынған аймақтағы апатты жағдайдағы кезекте тұрған үй иелерінің мәселесі өткен жылы он шешімін тапты. Бүгінгі таңда облыс бойынша апатты жағдайдағы үйлердің орнына 645 отбасы үшін жаңа жайлы баспана салынды.

Бүгінде облыс аумағында 1747 пәтерлік тағы 69 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Кемінде 55 тұрғын үй биыл іске қосылады, олардың қатарында Сырдарияның сол жағалауындағы 14 көпқабатты тұрғын үйден құралатын тұтас шағын ауданды пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар соңғы 3 жылда жеке тұрғын үй құрылысы (ИЖС) шеңберінде 24 мыңнан астам жер учаскесі инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілді. Нәтижесінде тек



АӨК, денсаулық сақтау, көлік және құрылыс, қалалық ТҚШ және білім беру, мәдениет басқармасы бойынша). Цифрландыру процесін қарқынды дамыту үшін облыстық цифрлық технологиялар басқармасы құрылды.

Сондай-ақ, экономиканы әртарап-тандыруға және инженерлік инфра-құрылымды дамытуға назар аударылып, әлеуметтік саалаға үлкен көңіл бөлініп келеді.

Сыр өңірінде 5 жыл көлемінде 200-ден астам әлеуметтік нысан салынды. Аймақта биылдың өзінде 42 әлеуметтік нысанның құрылысы қарқын алып, оның 28-і қолданысқа берілген. Олардың қатарында 7 мектеп, 7 балабақша, 2 денсаулық сақтау нысаны, жуырда Арал ауданынан ашылған аудандық аурухана бар.

Апатты жағдайдағы нысандардың мәселесі де оңтайлы шешімін тапқан. 57 апаттық медициналық бекеттің орнына 49-ы салынып, қалғаны келер жылдың бірінші жартысында іске қосылады деп жоспарлануда. 2013 жылы апаттық жағдайдағы 37 мектеп анықталған бола-

проценті мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жұмыс істейтін де айту керек. Бұл орайда аймақ басшысы тиімді әріптестіктің бюджет қаражатын үнемдеп, оны өзге де әлеуметтік-экономикалық маңызы бар салаларға бағыттауға мүмкіндік беріп отырғанын атап өтті. Облыста қазір МЖӘ аясында түрлі салалар бойынша 34 млрд теңгеден астам қаржыға 75 жоба жүзеге асырылуда.

Баспасөз конференциясында білімді жастардың бүгінгі ахуалы сөз болды. Қазір мыңдаған жергілікті жастың шетелден білімін жетілдіруі, мұндай барыс-келістің білікті маман даярлау ісіне айтарлықтай септігін тигізетіні айтылды. Аймақ басшысы мұның барлығы – білім саласына айрықша назар аударылуының, жастардың сапалы білім алуына қажетті жағдай жасалуының жемісі екендігін жасырмады.


– Осы жылы аймақтағы мектеп түлектерінің 97 проценті жоғары оқу орындары мен колледждерге түсті. Бұл бізге маргинал жастарға арналған

жоғары оқу орындарында жүзлеген түлектерін оқытуды ұйымдастыра алған еліміздегі жалғыз облыс. Мәскеу болат және қорытпалар институты мен Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық өсімдік полимерлері университетінде Ресей Федерациясы Үкіметінің гранты есебінен білім алу мүмкіндігіне ие болған 452 студенттің алғашқы 32-сі оқуын тәмамдап, осы жылы елге оралды. Ал, 42 түлек магистратурада оқуын жалғастыруда. Ағымдағы жылы 58 сырбойлық түлек оқуға түскен. Осылайша, өңір мектептерінің 510 түлегі Мәскеу мен Санкт-Петербургтың жетекші техникалық жоғары оқу орындарында РФ Үкіметінің гранттарына ие болды, – деді облыс әкімі.

Шынында, еліміздің басты капиталы – мұнайы, қазба байлығы емес – оның туын тіктеп, керегесін кеңейтетін, кемел келешекке жетелейтін дарынды да білімді жастары. Сондықтан бола, облыс басшылығы сапалы білім алуға салынған инвестицияны жарқын болашаққа деген кепіл деп есептейді. Өңірде жыл сайын аз қамтылған отбасылардан шыққан, әсіресе ауылдық жерлердің дарынды түлектеріне арналған аймақ басшысының білім гранты да бөлініп келеді, биыл ол 2 есеге артты, осылайша грант иегерлерінің жалпы саны 900-ге жетіп отыр.

Алға қойылған маңызды міндеттер қатарында тұрғындарды қажетті онлайн қызметпен қамту мәселесі де бар. Себебі, тұрмыстық қажеттіліктер жылдам әрі адам күшінен тыс өтетін дәуір таяп қалды. Сыр өңірінде бұл бағыттағы жұмыс жүйелі, түрлі саланы цифрландыру бағытында 37 жоба қолға алынған. Сандық технологияларды нарықтық стандарттарға сәйкес дамыту мақсатында облыста арнайы мемлекеттік орган – цифрлық технологиялар басқармасы құрылды. Шетелдік тәжірибе де ескеруіс қалмады. Жыл басында Қызылорда облысының делегациясы Татарстан Республикасы, Қазан қаласына, Қытай халық республикасына жұмыс сапармен барып, ортақ мәміле жасасты.

Аймақ басшысы қорытындылай келе, барлық дүние біз жоспарлағандай жүзеге аса бермейтіндігін ұмытпау қажеттігін еске салды. Осы тұста Ли Куан Ю-дың «Барлық уақытта жанашырлықты жатсынбайтын, өзгерістерге әрдайым дайын тұратын мәдениеттер ғана өміршен. Ал, кім оған дайын емес, ұзақ артқа қалады» деген сөзімен түйіндеді.



тан, кәсіпорындарда қызметкерлерді жаппай қысқартуға жол берілмей, 68 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды. Олар негізінен өңдеуші өнеркәсіпті, агроөнеркәсіп секторын, тұрғын үй, коммуналдық инфрақұрылым құрылысын құрайды.

2018 жылдың басында облыста 97,5 мың өнімді емес өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз азаматтар болатын. Олар алдағы екі жыл ішінде өнімді еңбекпен қамтылмақ. 2018 жылдың 9 айында облыста өнімді емес өзін-өзі жұмыспен қамтыған және тіркелмеген жұмыссыздар саны 62 мың адамды құраса, бұл көрсеткіш 36 мың адамға қысқарды. Осындай адамдармен жұмыс жүргізу үшін 2014 жылы аймақтық инвестициялық орталық құрылды. Ол елдегі жұмыссыз азаматтардың несиесі ресурстарына қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Инвестициялық орталыққа биылдың өзінде 1 млрд теңге бөлінді. Оның шеңберінде шағын бизнестің 270 жобасы қаржыландырылып, 500 тұрақты орын құрылды.

Халықтың әлсіз тобының санын қысқарту үшін шағын және орта бизнесті дамытудың маңызы зор. Облыс әкімінің, мәслихаттың, «Нұр Отан» партиясы филиалының, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық кеңестің біріккен шешімімен 2018-2020 жылдар облыста «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылдары» болып жарияланды. «Жол картасы» кешенді бағдарламасы қабылданып, үстемдегі жылы оған 32 млрд теңге бөлу көзделіп отыр. Оның

2017 жылдың өзінде тұрғындарды ба-спанамен қамту 17%-ке жуық, ал, 2018 жылдың 9 айында тағы 4%-ке өсті.

Енді алдағы уақытта әлеуметтік осал топты барынша қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету міндеті тұр. Ол үшін «Орда» тұрғын үй құрылысының Жол картасы әзірленді. Несиелік тұрғын үй барлық көпбалалы отбасылар, мүгедектер және халықтың аз қамтылған басқа да топтары үшін қолжетімді болмайтынын ескере отырып, жыл сайын облыстық бюджеттен «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынып жатқан несиелік тұрғын үйлерді сатып алуға қаражат бөлу туралы шешім қабылданды. Бастапқы жарнасыз халыққа кейіннен сатып алу құқығымен ай сайынғы жалға алу төлемдерін төлеу шартымен беріледі. Оны іске асыруға 3,5 млрд теңге қарастырылды. Бұл бағдарламаның мүмкіндіктерін апатты үйлер мен жатақханаларда тұрған тұрғындар пайдаланып үлгерді.

Осылайша, «Орда» тұрғын үй бағдарламасы президенттік бастамаға логикалық қосымша болды.

Сонымен қатар өңірде сумен қамтамасыз ету және газбен жабдықтау мәселелері шешімін табуда. Қазіргі таңда аймақ халқының 95%-і орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген және 63%-і табиғи газды тұтынады. Өткен жылы Қызылорда қаласын және 7 аудан орталығының 4-і газдандырылды. 2017 жылы Байқоңыр қаласына газ берілді. Биыл қалған үш аудан орталығына, атап айтқанда, Қармақшы, Сырдария және Жалағаш аудандарына газ жеткізілетін болады. Ал 2019 жылы елді мекендердегі газ желісінің құрылысы жүргізіледі. Сонымен, 2020

жылға қарай тұрғындарды көгілдір отынмен қамтамасыз ету деңгейін 95%-ке жеткізу міндеті қойылып отыр.

Тағы бір басым бағыттардың бірі – өмір тіршілігінің барлық салаларын онлайн-қызметтермен қамтамасыз ету. Бүгінде өңірде түрлі салаларды цифрландыру мақсатында 37 жобаның тізбесі құрылды (қауіпсіздік, бизнес,

тың. Ал бүгінде өңірде ұшауысымдық оқу жүйесі түбегейлі жойылып отыр.

3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі білім және тәрбиелеу қамту мәселесі де күн тәртібінен түскен емес, қазіргі таңда облыста «Балапан» бағдарламасы мерзімінен бұрын іске асырылды. Балабақшалардың 71

әлеуметтік базаны айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Өздеріңізге мәлім, дәл солардың арасынан қылмыстық топтар мен діни экстремистердің мүшелері құралады. Оған қоса Қызылорда облысы – 2014 жылдан бастап РФ Үкіметінің гранты бойынша Ресейдің беделді техникалық





ӨЗГЕШЕ ДЕМ БЕРУДЕ



Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев баспасөз конференциясы барысында БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді.

Гүлсім Байгерева, «Qazaqstan» ұлттық ариасының қызметкері: – Биылғы су тапшылығы күршінің шығымына кері әсерін тигізді. Келесі жылы бұл мәселе қалай шешіледі?

Жауап: – Су тапшылығы – күллі Орта Азияға ортақ проблема. Жақында Түркістанның астанасында Орта Азия мемлекеттері басшыларының саммиті өтті. Халықаралық Арал коры да бұл түйткіліге назар аударды. Біз «Қараөзек» және «Күміскеткен» су қоймаларын салып, алдағы жылы іске қосу үшін жұмыс жасаудамыз. Өйткені көктемгі босқа ағып кететін суды жинақтап, 2 су қоймасын тоқтырасық дейміз. Оған мүмкіндік бар. Жобаға Үкімет қолдау көрсетуде. «Күміскеткен» мен «Қараөзек» жылына 2 млрд текше метр су жинақталады. Бұл біздің көптеген мәселені шешуге мүмкіндік береді. САРАТС жобасының 2 кезеңіне кірістік. Сонымен бірге суармалы жерге байланысты бұл көктемде Арал қаласында Үкіметтің көпшілік мәжілісі өтіп, онда арнайы бағдарлама қабылданды. Соған сәйкес Қызылорда облысындағы 187 мың гектар суармалы жерді қамтына келтіру жобасы мемлекеттік бағдарламаға енді. Жоба құны – 84 млрд теңге. Өңірде 270 мың гектар суармалы жер бар.

Күрішке байланысты айтсам, бұл өзін сапасын көтердік. Бұрын тек «Ақмаржан» сортын еститін болсаңыздар, қазір «Лидер» сорты Сір өңіріне жерсінді. Сапаны одан сайын көтеру үшін ресейлік әріптестермен тығыз байланыс орнастан. Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлер тек пайданы ғана көздемей, жердің құнарлығын арттырау, ауысулы егісті сақтау, экологияны сауықтыру, әлеуметтік мәселелерді шешу және ғылыми жетістіктерді енгізуде өте жоғары нәтижеге жетіп келеді.

Рауан Мынбаев, «Хабар 24» ариасының редакторы: – Өңірдегі қалған 3 аудан қашан газға қосылады? 600 мың шаршы метрден астам баспана қанша қызылордалықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді?

Жауап: – Қазір құрылысы жүріп жатқан үйлерден 1714 пәтер пайдалануға берілді. Бір отбасында 5-6 адам бар деп есептесек, қаншама адамның баспанға қолы жететінін, қуанығын байқайсыз. Ал газға қатысты, көгілдір отын жеткізілген Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандарының орталығы. Қазір Жосалыға газ тарту станциясы салынды.

Жалағаш пен Терөзекке ортақ газ тарту станциясының құрылысы аяқталуға жақын. Қарашаның соңында газ келеді. Алдағы жылы елді мекендердің ішігі газ желілерін жүргізуге республикалық және облыстық бюджеттен қаржы бөлу жоспарланған. 2020 жылға облыс елді мекендері тұрғындарының 95 процентін газбен қамтамасыз етеміз. Аудан орталықтарынан 200-300 шақырым қашықтықтағы ауылдарға құбыр тартуға тиіміз.

Сұрақ: Қызылордадағы Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру қалай жүзеге асуда?

Жауап: – Біз Астананың үлгісімен жаңа қала салып жатырмыз. Жоба бойынша 15 шағын аудан салынады. Бірінші шағын ауданның құрылысы, ондағы тұрғын үйлер, балабақша, «Болашақ» университетінің кампусы пайдалануға берілді. Алдағы жылы Жастар орталығы, тағы да басқа нысандар құрылысы аяқталады. Сол жағалаудағы алғашқы нысан Қызылорда астана болған кезіндегі тарихи ғимарат – Қазақ Орталық атқару комитетінің ғимараты сызбасы негізінде салынды. Оған «Рухани жаңғыру» орталығы мен биыл 200 жылдығы атап өтілген Қызылорда қаласының тарихи музейі орналасты. Ендігі жылы жаңа қаланың құрылысы жалғасады. 7-9 жылда 15 шағын ауданның 12-сі салынады. Жаңа қала табиғи ерекшеліктеріміз ескеріліп, халыққа ыңғайлы етіп жобаланған. Ұлттық нақыштарға бай. Келесі жылдың соңына қарай театр, футбол манежі құрылысы басталмақ. Шамамен 97 мыңдай тұрғын қоныстанды деп күтілуде. Халық санының табиғи өсуі көрсеткіші жоғары. Алдағы онжылдықта сырбайлықтар саны 1 миллионнан асып кетеді. Болашақта жаңа қала ескі қаланың жануарына, жасаруына септігін тигізбек.

Дулат Әббұбұлаев, «Qazaqstan» ұлттық ариасының редакторы: – Мұнай өндіру көлемінің қысқаруына туындаған мәселелер туралы тарапты айттыңыз. Екінші сауалым, «7-20-25» бағдарламасының орындалуы қай деңгейде?

Жауап: – Соңғы 6 жыл ішінде республика бойынша өнім көлемі азығның 70%-тен астамы Қызылорда облысында орын алды. Бір жағынан кыштық туызылғанмен, екінші жағынан Елбасының индустриялық-инновациялық бағдарламасының, экономиканың құрылымын әртараптандыру туралы қойған міндеттің дұрыстығына көзімізді жеткізді. 2017 жылдың қорытындысымен өң-

деу өнеркәсібінің дамуы бойынша маңдайлау аймақтардың қатарындамыз. Әсіресе, өңдеу өнеркәсібін дамыту арқасында осындай жетістікке жеттік. Бізде мұнай 2-3 шақырым тереңдікте бұрғыланады. Мамандардың айтуынша, одан да тереңдікте бұрғылауға мүмкіндік бар. Жаңадан барлау жұмыстарын жасау үшін қажетті қаржы бөлініп отырған жоқ.

Біздің мұнай компаниялары өнімнің 80 процентін ішкі нарыққа жібереді. Тек 20 процентін ғана сыртқа шығарады. Батыс аймақтардағы әріптестер 50 де 50 қағидасымен жұмыс істейді. Үкіметке және Энергетика министрлігіне экспорт пен импорттың көлемін тенеіру туралы ұсыныс айтты. Бұл мұнай компанияларының пайдасын еселеп, барлау, жаңа кен орындарын игеру жұмыстарына оң ықпал етер еді.

Екінші мәселе газға қатысты. Қазір мұнай компанияларына газ өндіру тиіміз. Ұлттық оператор өз бағасынан да төмен бағаға сатып алады. Газ шаруашылығының рентабельділігін көтеру туралы ұсыныстар әлі күнге дейін талқылануда. Мейні ойышма жер қойнауын пайдаланушылар жеткілікті дәрежеде ынталандырылмай отыр.

Сондай-ақ, «7-20-25» бағдарламасы тұрасында да көптеген пікірталастар жүреді. Бастама керек әрі өзекті екеніне дау жоқ. Ал орындау тетіктеріне байланысты өз ұсыныстарымызды бердік.

Лаура Аманжол, «Қазақпарат» тілшісі: – Өңірде Үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламаның орындалуы, осы бағдарлама аясында іске қосылған нысандар туралы айттыңыз.

Жауап: – Бағдарламаға 22 өндіріс енгізіліп, қазір 17-сі жұмыс істеп тұр. Бұл көрсеткіш бізге жобаларды әлі де нақтылай, нарықты, суарнысты зерттей түсу керектігін байқатты.

Дәулет Ізгілеуов, «Қазақпарат» тілшісі: – Байқоңыр қаласындағы қазақстандықтардың жағдайы туралы білгім келеді. Қаланың болашақ дамуына қатысты екіжақты келіссөздердің нәтижесі, атап айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту салаларының көрсеткіштері туралы айтыңыз...

Жауап: – Байқоңырға байланысты бұған дейін «Ғарыш айлағын жаңа бергенімізбен, азаматтарымызды жаңа берген жоқпыз» деген едік. Олардың әлеуметтік жағдайына біз жауаптымыз. Мәселелерді шешу үшін үкіметаралық комиссия құрылған. Алдағы күндері Петропавлда кезекті форум өтеді. Үкіметаралық комиссия жемісті жұмыс істеді. Осыдан екі жыл бұрын Байқоңырда бұрын салынған перзентхананың негізінде облыстық медицина орта-

лығының филиалын аштық. Бір жағынан облыстың солтүстік аудандары тұрғындарының еңділіне жағдай жасадық. Соңғы 27 жылда Байқоңырда 3 нысан ғана салынған. Мектеп, перзентхана және «Роскосмосын» қонақ үйі. Енді Ғарыш инфрақұрылымын дамытуға «Роскосмос» қаржы бөлсе, қаланы және Төретам, Ақайды дамытуға Қазақстан Үкіметі қаржы бөледі. Биыл бас жоспар бекітілді. Байқоңырдың әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымына қатысты жобаларды жүзеге асыруға облыс әкімдігі жауапты болады. Биылдың өзінде 5 көпқабатты үйдің құрылысы жүреді. Төретамда спорт сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Қазір арнайы экономикалық аймақ ашу туралы ұсыныс қаралуда. Егер арнайы экономикалық аймақ салыққа преференциялар болса, Байқоңырға инвестиция салуға ниетті мемлекеттер бар. Роскосмос та көптеген жобаларын Байқоңырда жүзеге асыруға мүлдеді. Өйткені ол барлық жағынан қарағанда тиімді.

Жоғарыда Мәскеу мен Санкт-Петербургтің ЖОО-да жастарымызды оқытып жатқанымызды айттым. Енді Мәскеудің авиациялық институтына жыл сайын 20 қызылордалықты жіберу туралы келісімге келдік. Онда ІТ саласы бойынша мамандықтар дайындалып жоспарлап отырмыз. Бұл мамандар бізге экономиканы санды технологияға көшіруге көмектеседі.

Дінара Оспан: – Облыста 3 ауысында оқытатын және апаттық жағдайда тұрған мектептер мәселесі қалай шешіледі?

Жауап: – Халық санының өсуі көрсеткіші бойынша алдығы қатарда аймақпыз. Ендігі жылдан бастап даярлықты бітірген балалар да бірінші сыныпқа келеді. Бұл оқушылар санының өсуіне әкеледі. Сараптап көрсек, жаңадан 5 мектеп салуымыз керек. Бұл нысандар тез салынса, 3 ауысындағы мәселеміз алдымыздан шығатын сыңайлы. Жобалық-сметалық құжатын жасап, Үкіметке ұсыныс бердік.

Дәурен Ерболат, «Вақ.kz» тілшісі: – Байқоңырда арнайы экономикалық аймақ құру бойынша қандай жұмыстар жүргізілуде? Ресейлік БАҚ «Роскосмосын» кәсіргі жағдайына қатысты материалдар таратуда. Бұл Байқоңырдағы әлеуметтік жағдайға әсер етпей ме?

Жауап: – Арнайы экономикалық аймақ туралы ұсыныс Мемлекет басшыларына берілді. Қолдау табылса, арнайы экономикалық аймақ туралы келісім жобасын, басқарушы компанияның жұмысының ережесін үкіметаралық комиссияға ұсынамыз. 2019 жылдың соңына дейін арнайы экономикалық аймақ туралы мәселе заңдастырылуы керек. «Роскосмос» стратегиялық корпорация болғандықтан, оны қаржыландыру азаматтық. Кейбір бағдарламалардың қысқаруына байланысты кәсіпорындар қысқарды. Дегенмен, жаңа кәсіпорындар ашылады деген үміт бар. Үкіметаралық комиссияға Байқоңыр ғарыш саласына қызмет жасайтын монокала емес, қоспалы қала болуы керек деген ұсыныс бердік.

Айнур Есенжоллова, «Yvi-info» порталының тілшісі: – Сіздің бірнеше мектеп директоры жұмыстан босатылғаныңыз есімде. Бұл білім саласындағы өзгерістерге жол ашты ма?

Жауап: – Бұл 2013 жылы болған. Оқу, тәрбие процесін ұстап шығарып алғандар үшін мектеп басшылары жұмыстан босатылды. 2012 жылдың қорытындысымен білім көрсеткіштері бойынша соңғы орында болсақ, соңғы 5 жылда алғашқы бесіктің ішіндеміз. Ал соңғы екі жылда шәкірттеріміздің 97 проценті жоғары және арнаулы оқу орындарына түсті. Қазір 46 мектеп Назарбаев мектептерінің үлгісімен жұмыс істейді.



КӘСІПТІК БІЛІМ: ӨЗГЕРІСКЕ ҮНДЕСТІК ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Мәселен, есепші, кітапханашы, нотариус, бұрғылаушы, шахтер, тігінші, жол полициясы инспекторы келешекте автоматтандырылып және роботтармен ауыстырылатыны көрініп тұр. Технологиялар 3 жыл сайын өзгеруде, әр 5 жыл сайын алмасуда. Нарықта жаңа мамандықтар пайда болуда. Мысалы, ақпараттық жүйе архитекторы – жүйелі деректерді өңдейтін кен аukumды кәсіп маман, желілік тау инженері – табиғатты пайдалану нысандарымен жұмыс жасайтын маман, тіпті зияткерлік меншікті бағалаушы мамандар пайда болады. Ол материалдық емес активтер мен идеялардың өнертабыстарын бағалайды. Халықаралық экономикалық форумның бағалауынша, 2020 жыл 20 процент жұмыс орындары өзгереді. Бұл өзгерістер жаңа дағдыларды қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан жұмыс орындарының автоматтандырылуына байланысты адамдардың өз қызметінен айырылып қалмауын болдырмайтын жүйе қалыптастыру қажет. Мұның бірден-бір шешімі – үздіксіз білім беру, – деді облыс әкімі.

Мұнан бөлек, 2014 жылдан бастап аймағымызда мектеп бітірген бірақтар тұлғалар Мәскеу мен Санкт-Петербургтің ең мықты техникалық жоғары оқу орындарында білім алады. Ресей Федерациясы Үкіметінің гранты негізінде оқып жатқан 512 студенттің Мәскеу болп және қорытынды институты мен Санкт-Петербургтің мемлекеттік өсімдік полимері технологиялық университетін бітірген алғашқы 32 студент елге оралап, 42 тұлғаның нақты білімдерін жалғастыруда. Ресей жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыс

нәтижесінде биылғы оқу жылында тағы 58 бала оқуға түсті. Сонымен қатар, жыл сайын аз қамтылған және қобалалы отбасылардан шыққан 100-ге жуық дарынды балалар облыс әкімінің білім беру гранты бойынша еліміздің жетекші жоғары оқу орындарына оқуға түседі. Биылғы жылы гранты бағдарламасы еліміздің жетекші жоғары оқу орындарына оқуға түседі. Биылғы жылы грант саны 2 есеге артса, бұл ретте гранттардың 70%-і IT-мамандықтарға бөлінген. Айтпақтай, қызылордалық мектеп бітірушілердің 97%-і осымен екі жыл катарынан жоғары және орта арнаулы оқу орындарына түсіп отыр. Олардың 57 %-і мемлекеттік білім гранты иегерлері. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 509-ға артты.

Білім беруде сапаның тағы бір маңызды көрсеткіші – болашақ мамандардың суарнысқа не болуы, олардың таңдаған қызмет саласында жұмыс істеуге деген ниеті. Осы мәселелерді шешу мақсатында облыс экономикасына қажетті кадрлардың ұзақ мерзімді болжамын анықтай отырып, 2015 жылы аймақтық еңбек ресурстары балансы дайындалды. Бұл, өз кезегінде аймаққа қажетті мамандарды дайындауға, мемлекеттік тапсырысты анықтауға ықпал етері анық. Бітірушілердің жұмысқа орналасуына кияндық тудырмау үшін осы еңбек ресурсы балансы мектептегі кәсіби бағдарлы даярлықтың негізі болады.

Форум қатысушылары облыста бейінді оқуға ұйымдастыру бойынша өз ұсыныстарымен бөлісті, дарынды жастардың өндіріске енгізілетін шығармашылық жобаларымен де танысты. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан орын басары Әзімхан Дархан кәсіптік-техникалық білім берудегі жетістіктер мен техникалық кадр

даярлау кезінде туындайтын мәселелерді шешу жолын сөз етсе, «Кәсіпкер холдинг» КЕАҚ-ның басқарма төрағасының міндетін атқарушы Асиа Бимендин білім беру саласындағы мөдүлдік бағдарламаға талдау жасады. Бұл кәсіптік білім беру ұйымдарында енгізілген жүйе кәсіптік-техникалық профилдік колледж түлектері арасында жұмыссыздық мәселесін шешуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Ал, «Қаржы орталығы» АҚ білім беру қызметтерінің төлем жүйесін дамыту департаменті директорының орынбасары Алпамыс Сатыбалдин мемлекеттік жекешелік-әріптестік аясында жатқанша құрылысын салу, қайта жаңғыртудан өткізу туралы маңызды мәселелерді таңдады. Сонымен қатар, басқосуға «Кнаууд Гипс Калчагай» ЖШС отүстік аймақ менеджері Олег Абдулаев колледждерде құзыреттілік орталығын құру жайын қозғайды. Бұл орталық өңірлерде мамандар кәсіптіктеріне талдау, сааладағы технологиялық өзгерістерді бақылау және мамандар алдындағы дайындық бағдарламаларын әзірлеу, мұғалімдер мен кәсіптік оқуға сертификат алу, колледждер, өнеркәсіптік кәсіпорындардың өзара іс-қимылын ұйымдастыруда оң септігін тигізбек.

Еңбек форумы аясында секциялық жұмыстар да жүргізілді. И.Әбдікерімов атындағы аграрлық-техникалық жоғары колледжі облыстың үздік кәсіптік мектебі деп танылды. Жиын соңында форум аясында өткізілген байқау жеңімпаздары мен техникалық және кәсіптік білім беру саласының үздіктері марапатталды.

ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ АЙҚЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ТІКЕЛЕЙ КЕЛІССӨЗДЕРДІ ЖҮРГІЗУДІ ХАБАРЛАУ

«Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығының негізінде «Шилей ауданындағы индустриялық аймаққа темір жол тұйынын жеткізу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша жеке-әртіпесті айқындауда тікелей келіссөздер жүргізілетінін хабарлайды.

1. Жобаның мақсаты: көлік байланысын, тіпте материалдарын және шикі затты қабылдауды қамтамасыз ету, сонымен қатар, темір жол жүйесі арқылы тұтынушыларға өнімдерді жіберу.

2. Жобаның техника-экономикалық талаптары:

- 1) жер учаскесінің алаңы – 3.4200 га;
- 2) жалпы алаңы – 96 га;
- 3) темір жолдың ұзындығы – 2,494 км.

3. Басты көрсеткіштері:

- 1) Шилей ауданындағы индустриялық аймаққа темір жол тұйынын жеткізу құрылысы;
- 2) Шилей ауданындағы индустриялық аймақты темір жол тұйынын кірме жолына сервистік қызмет көрсету;
- 3) Шилей ауданы, индустриялық аймақтағы барлық тұтынушылардың талаптарын көліктік коммуникациямен қанағаттандыру.

4. Ұйымдастырушының байланыс деректері: «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел.: 8/7242/60-53-51, электронды пошта: usag@korda.gov.kz, жауапты орындаушының А.Т.Ә. басқарманың құрылыс бөлімінің бас маманы Тлепова Замира Қалдыбекқызы.

5. Жобаға ұсыныс берудің түпкілікті мерзімі: бұқаралық ақпарат құралдарында тікелей келіссөздерді жүргізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап 60 (алпыс) күн.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН МҮЛІКТІК КЕШЕНДІ САТУ БОЙЫНША АУКЦИОН ӨТЕТІНІ ХАБАРЛАЙДЫ

«Қазақтелеком» АҚ Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Дүйсенов көшесі, 69 мекенжайы бойынша орналасқан:

- 1) жалпы ауданы 0,7618 га жер телімі;
- 2) жалпы ауданы 248,2 ш.м 7-модульдік техникалық ғимараты;
- 3) жалпы ауданы 151,4 ш.м АҚЦ қоймасы;
- 4) жалпы ауданы 863,50 ш.м АҚЦ ғармағы;
- 5) жалпы ауданы 12,3 ш.м АҚЦ оту болмасы;
- 6) жалпы ауданы 201 ш.м АҚЦ қалқалары;
- 7) мөлшері 5 куб.м дизельлік отын сақтау қоймасы; сыйымдылығы; 8) мөлшері 5 куб.м сыйымдылығы; 9) мөлшері 5 куб.м М-352 сыйымдылығы; 10) мөлшері 5 куб.м М-352 сыйымдылығы; 11) қорғаныш құрылысы және басқа да мүліктерден тұратын 114-ЖКҚЦ АҚУ мүліктік кешенін сату бойынша саудаластықтың ағылшын тіліндегі аукцион өткізу туралы жариялайды.

Объектінің бастапқы бағасы 9 851 000 (тоғыз миллион сегіз жүз елу бір мың) теңгені құрайды.

Аукционға қатысу үшін 295 530 (екі жүз тоқсан бес мың бес жүз отыз) теңге мөлшерінде кепілдік төлем «Қазақтелеком» АҚ филиалының «Алпыснен байланыс» бірлестігінің (БИН 940241000314, ЖИК KZ816011713100000369 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Алматы қаласы, БИК HSBKZKZK) есебіне айырысу шотына аударылады немесе банк кепілдігі ұсынылады.

Аукцион 2018 жылдың 7 қарашасында сағат 14.30-да Шымкент қаласы, Бөйбөк би көшесі, 135А үй мекенжайы бойынша өткізіледі.

Аталмыш жылжымайтын мүліктерге ауырталықтар жоқ. Осы аукционға барлық заңды және жеке тұлғалар жіберіледі.

Қосымша ақпаратты және аукционға арналған құжаттарды мына мекенжай бойынша алуға болады: Шымкент қаласы, Бөйбөк би көшесі, 135А үй, 11-МЖТТ (тел.: +7(7252) 449-468; +7 701 761 72 78).

Өтінімдер жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша 2018 жылдың 6 қарашасы күні сағат 14.30-ға дейін берілуі керек.

(ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Байланыс және информация қорытынды комитетінің 2011 жылдың 6 мамырында №11000766 лицензиясы берілгені)



Өнері өрден, орны төрден — СЫРДАРИЯ

Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойына орай Сырдария ауданы облыс орталығындағы «Универсам» сауда үйінің жанындағы алаңды қайта жаңғыртудан өткізді.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Қала орталығында орналасқан, көпшілік жиі жиналатын алаңға брусчатка төселіп, бордюрлер жаңартылды және субұрақтың айналасы абаттандырылып, орындықтар орнатылды.

Сондай-ақ, бұл күні А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Өнері өрден, орны төрден — Сырдария» атты ауданның шығармашылық ұжымдарының концерті өтті. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты. Биыл 90 жылдық мерейтойын атап

өткен Сырдарияда сатира сарлары Асқар Токмағамбетов, халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов пен Әбіраш Жәмішев, театр сахнасы Сәбира Майқанова, ақын-жазушылар Танаш Дуэрнбеков, Сейфолла Оспан, Нұрхан Жанасв, Қайырбек Асанов, Қанафия Дәрібаев, кино-режиссер Сұлтан Қожықов сынды талантты тұлғалар туып-өскен. Концерт барысында елдің өнері мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан туған ел перзенттері туралы театрландырылған көрініс қойылды.

Концертте «Құрақтың Досжаны» атындағы халық ұлт аспаптар оркестрі, «Балауса» халықтық би ансамблі, «Сырдария» квартеті және бірқатар өнерпаздар Сырдарияның саз сәлемін жеткізді.

Шарада ауданның мәдениет саласындағы соңғы жетістіктері де баяндалды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыс әкімінің қолдауымен Терөзек кенті орталығында «Достық үйі», аудандық тарихи-өлкетану музейінің еңбек даңқы залы мен Сырдария ауданының құрметті азаматтарының алдасы, «Парасат» алаңында Кеңес одағының құрметті тұлғалары, Елбек ерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің ескерткіші ашылған. Бүгінде ауданда 35 мәдениет мекемесі, 14 халықтық ұжым елге қызмет көрсетуде.



БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМНЫҢ БЕЛЕСІ

Бүгінгі сөз етеккі отырған Сыр елінің біртуар азаматы жаны жайсаң, үлкен жүректі, білім мен ғылымды тең ұстап жүрген Әсет Мырзаханұлы деңгейі бауырымыз, академик ағамыз айтқандай, ақылы толықсыған 60 жасқа толып отыр. Өмір жолына зер салсақ, ол 1958 жылы Сырдария ауданының С.М.Киров атындағы (қазіргі Ж.Маханбетов ауылында) ұлағатты ұстаздар отбасында дүниеге келген. Әкесі Мырзахан ағамызбен анасы Рысқұл бас қосып, өмірлерін ұзақ жылдар бойы шәкірт тәрбиелеуге арнаған аймақта танымал ұстаздар болды. Өмірдің болашағы оқу-білімде екенін бойына сіңіріп өскен Әсет 1976 жылы орта мектепті бітірісімен Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына (қазіргі Қазақ Ұлттық аграрлық университеті) оқуға түседі. Жастайынан Сырдың сұлу табиғатымен танысып, егіншілікке жақын әрі бейім өскен Әсет мандандық таңдауда да көп ойланбай, институттың агрономия факультетін қалады. Институт қабырғасында жүріп жақсы оқып қана қоймай, студенттік ғылыми конференцияларға қатысып, бірнеше рет жетімпаз болып, өзін білімге, ғылымға деген құмарлығын сол кезде-ақ таныта білді.

Жоғары оқу орнын бітірген соң ата-анасына қарайлап, жолдаманы туған жеріне алған болатын. Сондағы ойы осы орталығындағы Қазақ кәсіпшілік-құрылыс институтына орналасып, инемен құдық қазғандай қиын сала — ғылыммен айналысу еді. Оның бұл арманы бірден іске аса қойған жоқ. Алғашында басқа салада қызмет етуге тура келді. Арала 2-3 жылдан кейін аталған институтқа жұмысқа ғылыми қызметкер болып тұруға мүмкіндік туды. Оның ғылымға деген құлшынысынан одан әрі ашыла түсуіне осы институттың қабырғасын қалаған бір топ ғалымдар: Қ.Әлімбаев, Х.Рамазанов, Ә.Құрамысов, С.Рамазанова, Г.Верещагин және К.Жайлыбайдың еңбектері оң әсерін тигізді. Әсіресе, лаборатория меңгерушісі Х.Рамазановтың орны ерекше болды.

Ғылымда жүріп алған білімін, жинақтаған тәжірибесін жас жеткіншектерге беру мақсатында 1991 жылы Ы.Жақаев атындағы агромеркәсіп өндірісі инженерлері институтына (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті) қызметке ауысып, 2015 жылға дейін абыроймен еңбек етті. Университет қабырғасында жүріп аға оқытушылық қызметтен кафедра меңгерушісі, факультет деканы, сырттай оқу бөлімінің деканы лауазымына дейін көтерілді. Әсет Мырзаханұлы университетте қабырғасында шәкірттерге білім бере жүріп, өз білімін жетілдіруді бір сәтке де ұмытқан жоқ. Айталық, 2010 жылы Микробиология және вирусология ғылыми зерттеу институтында «Арал дүниеге келген. Әкесі Мырзахан ағамызбен анасы Рысқұл бас қосып, өмірлерін ұзақ жылдар бойы шәкірт тәрбиелеуге арнаған аймақта танымал ұстаздар болды. Өмірдің болашағы оқу-білімде екенін бойына сіңіріп өскен Әсет 1976 жылы орта мектепті бітірісімен Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына (қазіргі Қазақ Ұлттық аграрлық университеті) оқуға түседі. Жастайынан Сырдың сұлу табиғатымен танысып, егіншілікке жақын әрі бейім өскен Әсет мандандық таңдауда да көп ойланбай, институттың агрономия факультетін қалады. Институт қабырғасында жүріп жақсы оқып қана қоймай, студенттік ғылыми конференцияларға қатысып, бірнеше рет жетімпаз болып, өзін білімге, ғылымға деген құмарлығын сол кезде-ақ таныта білді.

Жоғары оқу орнын бітірген соң ата-анасына қарайлап, жолдаманы туған жеріне алған болатын. Сондағы ойы осы орталығындағы Қазақ кәсіпшілік-құрылыс институтына орналасып, инемен құдық қазғандай қиын сала — ғылыммен айналысу еді. Оның бұл арманы бірден іске аса қойған жоқ. Алғашында басқа салада қызмет етуге тура келді. Арала 2-3 жылдан кейін аталған институтқа жұмысқа ғылыми қызметкер болып тұруға мүмкіндік туды. Оның ғылымға деген құлшынысынан одан әрі ашыла түсуіне осы институттың қабырғасын қалаған бір топ ғалымдар: Қ.Әлімбаев, Х.Рамазанов, Ә.Құрамысов, С.Рамазанова, Г.Верещагин және К.Жайлыбайдың еңбектері оң әсерін тигізді. Әсіресе, лаборатория меңгерушісі Х.Рамазановтың орны ерекше болды.

Ғылымда жүріп алған білімін, жинақтаған тәжірибесін жас жеткіншектерге беру мақсатында 1991 жылы Ы.Жақаев атындағы агромеркәсіп өндірісі инженерлері институтына (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті) қызметке ауысып, 2015 жылға дейін абыроймен еңбек етті. Университет қабырғасында жүріп аға оқытушылық қызметтен кафедра меңгерушісі, факультет деканы, сырттай оқу бөлімінің деканы лауазымына дейін көтерілді. Әсет Мырзаханұлы университетте қабырғасында шәкірттерге білім бере жүріп, өз білімін жетілдіруді бір сәтке де ұмытқан жоқ. Айталық, 2010 жылы Микробиология және вирусология ғылыми зерттеу институтында «Арал дүниеге келген. Әкесі Мырзахан ағамызбен анасы Рысқұл бас қосып, өмірлерін ұзақ жылдар бойы шәкірт тәрбиелеуге арнаған аймақта танымал ұстаздар болды. Өмірдің болашағы оқу-білімде екенін бойына сіңіріп өскен Әсет 1976 жылы орта мектепті бітірісімен Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына (қазіргі Қазақ Ұлттық аграрлық университеті) оқуға түседі. Жастайынан Сырдың сұлу табиғатымен танысып, егіншілікке жақын әрі бейім өскен Әсет мандандық таңдауда да көп ойланбай, институттың агрономия факультетін қалады. Институт қабырғасында жүріп жақсы оқып қана қоймай, студенттік ғылыми конференцияларға қатысып, бірнеше рет жетімпаз болып, өзін білімге, ғылымға деген құмарлығын сол кезде-ақ таныта білді.

Құрманбек БӘКІРҰЛЫ, ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, Камалдин ШЕРМАҒАМБЕТОВ, ҚР АШҒА корреспондент-мүшесі.

Suhbat



Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы — театр және кино мамандарын даярлайтын мемлекеттік жоғары оқу орны. Осыдан 40 жыл бұрын Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының актерлік факультетінің негізінде ашылған оқу орнында бүгінде театр, кино, көркемсурет және хореография мамандары даярланады. Іргелі білім ордасы 1987 жылдан бастап Т.Жүргенов есімімен аталады.

Таяуда академияның шығармашылық ұжымы Сыр еліне сапарлап келген еді. Орайлы сәтте Ұлттық өнер академиясының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дариха Тұранқұловамен әңгімелесіп, Сырдағы өнер сапары жайлы сыр тартқан едік.

ЖҮРГЕНОВ САЛҒАН ЖАРҒЫН ЖОЛ

— Дариха Тұранқұлованы, Темірбек Жүргеновтің тұлғалы ердің туған жеріне көш келдініздер. Осынау өнер сапарының мақсаты мен маңызы туралы айтып өтесіңіз...

— Өздеріңіз жақсы білесіздер, бұл қазақтың қайраткер ұлы Т.Жүргеновтің туғанына 120 жыл толып отыр. Ол небәрі қырық жыл өмір сүрсе де, ұлттымыздың өнері мен мәдениетінің өркендеуіне, оқу-ағарту саласының дамуына қыруар еңбек сіңірді. Сонау 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының І-слетін, ал 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін ұйымдастыру арқылы халқымыздың төл өнерін төрткүл дүниеге танытуға ерекше еңбек сіңіргенін ел жақсы біледі. Ұлт өнерінің қадір-қасиетін танытудағы ұлы мұраты бүгінгі ұрпақ үшін де маңызды жойған жоқ. Оның нақты дәлелі, Ұлттық өнер академиясы осы сала бойынша Италия, Корея, Польша елдеріндегі әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орнындарымен тығыз байланыса отырып, қазақ өнерін таныту бағытында жемісті жұмыстар атқарып келеді.

Енді сұрағыңызға келсек, жуырда Ұлттық өнер академиясында Қызылордадағы Т.Жүргенов атындағы қордың ұйымдастыруымен қайраткердің тағалымды ғұмырын арқау еткен тарихи-

танымдық шара өткізілді. Сол шара жалғасын тауып, Ұлттық өнер академиясының шығармашылық ұжымынан 60-қа жуық адам қайраткердің туған жері — Сыр еліне сапарлап келді. Ондағы мақсатымыз біріншіден, Темірбек Жүргеновтің туған жеріне келіп, рухына тағзым ету. Сонымен қатар, академияның ұстаздары облыстық Н.Бекежанов атындағы драма театрының, «Жастар» театрының актерлерімен шеберлік кламын өткізіп, тәжірибелерін ұштайды. Мен өзін «Сахна тілі» бағытында дәріс бердім.

— Білімімізше, өнер сапары Т.Жүргеновтің 120 жылдығына арналып отыр. Бұл орайда Сыр жұртшылығы қандай туындыны тамашалайды?

— Мемлекет және қоғам қайраткерінің тартысқа толы өмір жолына арнап «Тағдыр» атты композиция дайындаған болатынымыз. Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрында өткен «Рухқа тағзым» атты мерекелік шарада облыс көрермендері осы туындыны тамашалады. Бұған дейін Т.Жүргенов атындағы қордың ұйымдастыруымен ақындар мұшайрасы өткізілгенін жоғарыда атап өттік. Соның ішінен үздік деп танылған жас ақындардың шығармалары осы композицияның желісінде оқылды. Аталған туындыны өнер академиясының «Сөз сөйлеу» жанры факультетінің 4-курс студенттері сахна-

лап, көрермен қауымының көшеміне бөледі.

Мемлекет басшысының жуырда ел назарына ұсынған Жолдауында айтылған «Жастар жылы» деп жарияланатыны айтылды. Расында, олардың алдында жаңа дәуір жүктеген ауқымды міндеттер тұр. Сондықтан жас ұрпақтың тарихын танып, салт-дәстүрін санасына сіңіріп, ұлттымыздың рухани бай мұрасын ұлықтай білетіндігі дәрежеде тәрбиелік жұмыстар жүргізілуі тиіс деп ойлаймын.

— Өнер сапарының сіз үшін әсері қандай?

— «Сыр елі — жыр елі» деген қанатты сөз бар. Шындығында, мұнда қазақ өнерінің қаймағы бұзылмаған, қадір-қасиеті де айрықша бағаланады. Халқымыз да көңілі дархан, пейілі кең. Біз осыған дейін де Сыр өңірінде болып жүрміз. Ондағы байқағанымыз, өнер, білім саласына облыс басшысының қолдауы ерекше екен. Сондай-ақ, 200 жылдық тарихы бар ескі қаланың бүгінгі келбеті керемет. Жаңарып, жасанып, жасыл желекке бөленіп тұр. Бір сөзбен айтқанда, Сыр еліндегі өнер сапары табиғатының шуақты да мамыражай қалпымен, талантты тани білер танымы бөлек халқымен, өнерге құштар өршіл жастарымен ойымызда қалмақ.

Әңгімелескен Ғазиза ӘБІЛДІ, «Сыр бойы».

Отұртқи

БӘРІ СҰЛУ КӨРІНЕР АЛҒАШҚЫДА...

«Сұлулық — әлемді құтқарады» деген тәмсіл бүгінде ешкімге танық болмай отыр. Сөздің шыны керек, әдемі боламын деп жасанды сұлулыққа ұрынып жүргендер жетерлік. Бұл тараптағы жарыс кейде «боюшы, бояушы дегенге сақалын да бояпты» дегеннің керін келтіріп, жағымсыз әсер қалдыратыны, рас.

Шынар БЕКБАН.

«Қыздарға әсемдік жарасалды» немесе «Мен қазақ қыздарына қайран қалам», «Шаштарың он күн тарап, бес күн өрген, Ақ үйден бір қыз шықты, көзі күлген» деген қазақ қашан да қызын жоғары бағалап, гүлге теңеп, әсемдік пен сұлулықтың, ақылдылық пен тәрбиеліктің символы санаған.

Алайда, бүгінде «жасанды» сұлулық етек ала бастады. Қара-көздеріміз арасында «make-up» арқылы, жасанды қас, кірпік арқылы сұлу көрініп жүргендер аз емес.

Көп жағдайда талғамға талас жоқ дегенімізбен, ісі қазаққа тән тазалық, табиғилық, шынайылық сынды құндылықтарды жоғалтып алғанымыз қынжылтады. Заманға ілескен космология саласының бүгінгі мүмкіндігін тек қалтасы қалыңдар емес, күтіміне мән беретіндер пайдалануға әуес. Артық қыламын деп тырық қылатындар жоқ емес. Өрине, күтім керек. Бірақ кез келген дүниенің шекарасынан аспау да — шеберлік. Себебі, қасын түк қалдырмай жулып, орнына ойып тұрып бояу құйып, қолдан қас жасау, сонымен қатар ерін үлкейту, шаш пен тырнақ жалғау, бұған қоса линза арқылы көз түсін өзгерту секілді жанылықтың жанында біз айтып отырған жай ғана бояу түкке тұрмай қалады-ау.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, ұзын кірпік көз ауыруына ұшыратып, уақыт өте келе соқырлыққа ұласатынын дәлелдеген. Жасанды кірпік көзге желім арқылы жапсырылады. Бұл көзге ауа жібермейді, сонымен қатар көзде түрлі индеттің пайда болуына ықпал етеді. Әсіресе, аллергия, конъюнктивит дертін туындатып, көздің торлы қабағын ауруға ұшыратады. Қасқа татуақ жасатудың да өзіндік зардаптары жетерлік. Татуақ органикалық бояудың теріге егілуі арқылы жүзеге асырылады. Ғалымдар бұл бояудың аллергия туыратынын, ағзадағы герпес вирусының оянуына ықпал ететінін айтады. Сондай-ақ, ми қырғысы, жүйке жүйесінің дамуын тежейді екен.

Бүгінде сұлулықты қолдан жасайтын визажист, космо-толог, татуаж шеберлерінің қарасы көп. Бұл да қасіп қой. Себебі, жандыдан кейінгі сануарқұлақтай көбіейіп жатқан сән салондары қаптап кетті. Сән қуаңды да өз ережесі бар. Бастысы, талғаммен өзіне жарастығын алу керек. Шын мәніде әдемі болып көріну — өнер. Сұлулыққа ұмтылуды асырылған шәкілмен шатастырмаған да абзал. «Қыз қылғымын сұлу» деген емес пе, халық даналығы. Ендіше жасанды сұлулық құндылығы кімге керек? Ол жаңа да, көңілге де жылу бермесі анық. Қазір тек той-ларда ғана емес, тіпті қоғамдық көлікте кейбір ақ жаулықты аналарымыздың боялған шашы мен ұзын тырнағын, жасанды қасы мен кірпігін көргенде, кешегі жүзінен мейірім тоғіліп тұратын әжелердің бейнесін ансап кететініміз, рас. Әдемі қартаюдың өзі ұлттымыз үшін үлкен бақыт екенін ұмытпайықшы...

